





ALASH - ALZHIR




**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ ТОТАЛИТАРИЗМ
ҚҰРБАҢДАРЫНЫҢ «АЛЖИР»
МЕМОРИАЛДЫ МҰРАЖАЙ КЕШЕНІ**

ALASH – ALZHIR

Астана – 2011



А Л Ж И Р



ЕКІНШІ ТОМ

УДК
ББК
А

**Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының
«АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені**

Ақылдастар алқасы: Аяған Бүркітбай, Мемлекет тарихы институтының бас директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Әбжанов Ханкелді, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Балаева Аида, Астана қаласы әкімінің орынбасары; Жұртбай Тұрсын, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; Жақып Бауыржан, «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; Қойгелдиев Мәмбет, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Қамзабекұлы Дихан, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; Мұсағалиева Арайлым, тарих ғылымдарының докторы.

Бас редактор және жобаның авторы:

Жүнісбеков Болат, «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешенінің директоры.

А **«АЛАШ – АЛЖИР / ALASH – ALZHIR»**
АЛЖИР. Екінші том. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2011. – 384 б.

ISBN

«Алаш» сөзі «қазақ» атауының баламасы. Жәй ғана баламасы емес, ол терең мән-маңызға ие жасампаз ұғым. Туған халқымыздың өз өткенін танып қана қоймай, одан тағылым алуының, бүгінін таразылаған парсат-пайымының, ал ең бастысы, ертеңінде де еңсесі асқақ болуының алтын арқауы. Олай болса, елдік пен ерліктің ұраны – Алаш. Елін сүйген ерлердің өмірінің мәні – Алаш.

Бүгінгі Қазақ елі – қазағын мақтан тұтқан және халқы үшін басын бәйгеге тіккен қаһармандардың асыл арманы. Олардың алғыр ақыл-ойы мен қажыр-қайратының жемісі. Ол, сондай-ақ, бабалар аманатына деген адалдықтың жарқын айғағы.

Қазақтың, Алаштың қасіреті аз болмады. Соның бәрін Алаш арыстары өз жүректерінен өткізіп, өзектері өртенді. Тастүйін жұмылып, айналайын Алашы үшін ажалдан да шайлықпады. Диктатура оларды аяусыз жазалады: атты, асты, абақтыға жапты. Сол қасіретті қайраткерлердің асыл жарлары да ерлерімен бірге тартты. Олардың бар кінәсі құдай қосқан қосақтарына имандай сеніп, азаматтарына адал болғандықтары ғана еді. Кітапқа осынау қабырғалы тақырыпты арқау ете отырып, оны «АЛАШ – АЛЖИР» атауымыз да содан.

УДК
ББК

ISBN

© Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының
«АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені, 2011
© «Сарыарқа» БҰ, 2011

*Серік Тұрғынбекұлы,
Халықаралық АЛАШ
сыйлығының лауреаты, ақын*

«ЖАЛАҢАШ КӨЛ» ЖӘНЕ «АЛЖИР»

Әйел ары –
Осы арада тапталған,
Осы арада –
Өзен болып аққан қан.
Сол өзеннің қаны сіңіп құрдымға,
Жалғыз ғана –
«Жалаңаш көл» сақталған.

Ұйып қалған көздің жасы төгіліп,
Ел қарайды –
Қабырғасы сөгіліп
«Жалаңаш көл» жағасында,
«АЛЖИР» тұр –
Құлаған үй мұржасындай көрініп.

Адам ары –
Азбасын да, тозбасын.
Азалы сөз – жан жарасын қозғасын
Күй кешемін
Көкірегіме толтырып,
«АЛЖИР» дегі әйелдердің көз жасын.

Жауыздықтың есеп болмас санында
Құр қоймаған адам түгіл, аңын да
Әйелдердің –
Мөлтілдейді мұңы боп,
«АЛЖИР-дегі» «Жалаңаш көл» жанында.

Әйелдерге қабір болған өлгенде,
Аққу емес,
Құзғын қонған ол көлге
Азабын да,
Мазағын да айта алмай
Әйел жаны –
Әлі күнге шерменде.

Замананың
Зауалы мен сүргіні
Запыран құсып,
Зарын төксе бір күні....
Естігенде –
Естен танып күлер ең,
Керек болмай қу дүниенің тірлігі.

Өртенгенде дүниенің өзегі
Сап-сау адам өз жанынан безеді
Әйелдерді өте алмады айналып
Жауыздықтың
Жан шошырлық кезеңі.

Керең дүние,
Адам жанын ұқпаған
Жауыздықты тарих бар ма құптаған?!
Айуандар өмір сүрді сол кезде,
Аналардың құрсағынан шықпаған.

Қанша заман өтсе-дағы
Заң жағы
Әлсіз екен –
Мұны бәрі аңдады.
Әлі күнге
Өшіре алмай келеді,
«АЛЖИР» деген –
Қарғыс атқан таңбаны!

Ғасырлардың
Асуы мен қиясы,
Қалам алса –
Қан боп тамған сиясы....
Аналардың арын таптап жерлеген,
«АЛЖИР» деген –
Жауыздықтың ұясы.

Кетпейді –
Сұлулықты сүйгендер,
Ар мен ақтың азабына күйгендер,
Аялдайды –
«Жалаңаш көл» жанында,
Аналарға мәңгілік бас игендей.

«Жалаңаш көл» қай кезде де жалаңаш
Жағасында көктемейді тал-ағаш
Көл бетіне
Көзің салып қарасаң
Қан тұнып тұр – көз-қасымен аралас!

Қорқынышты –
Жақынға да, жатқа да,
Түзер оны хақ тағала тек қана.
.... «Жалаңаш көл» жағасында
«АЛЖИР» тұр,
Қабырғасы –
Қара тізім қап-қара!

*Болат Жүнісбеков,
«АЛЖИР» мемориалды мұражай
кешенінің директоры*

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ

Елбасының Жарлығымен 1997 жыл – Жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланғаннан кейін 1930-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің тарихын зерттеуге жаңаша қадам жасалып, бұл жұмыс тарихи маңызы жағынан жаңа белеске көтерілді. 31-ші мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде тұрақты атап өтілуде.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің 10 жылдығының атап өтілуіне және жаппай саяси қуғын-сүргіннің басталуының 70 жылдығына орайластырып – 2007 жылдың 31 мамырында Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені ашылды. Содан бергі аз уақыт ішінде мұражай егемен елімізге ғана емес, бұрынғы Кеңестер одағы мен алыс-жақын шетелдіктерге де танылып үлгерді.

Бүгінгі күні мұражай ұжымы мен оның көптеген достары өзінің құрылғанына бес жыл толған алғашқы белеске мемориалды кешеннің материалдық әрі мазмұн жағынан жаңғырып, түлеген жағдайында қадам басып отыр. Осы уақыт ішінде Астана қаласы әкімдігінің тұрақты түрде қолдауының арқасында аталмыш кешенге күрделі жөндеу жүргізіліп, оның негізгі және ғылыми қосымша қорлары айтарлықтай толықты, ал экспозициялары барынша тартымды бола түсті. Ғылыми қауымдастықпен ынтымақтастық арқылы мұражай құжаттарын, оған қатысты материалдарды зерттеу жұмыстары басталды.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі – егемен республиканың жаңа тарихындағы ақжарылқап оқиға. Тұлғаның бостандығы мен құқығы қазіргі қоғамның өшпес құндылығы болып саналады. Мемлекеттің тәуелсіздікке жету жолы қаншалықты ауыр әрі ұзақ болғанын көзі қарақты қауым жақсы түсінеді. Сондықтан да мұражай экспозициялары қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында күрескен ұлт батырлары мен Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткерлері өмірінен сыр шертеді. Кенесары Қасымов, Аманкелді Иманов, Алашорда қайраткерлері және көптеген ұлт тағдырына ат салысқан азаматтармыз жайлы тың деректер мұражай экспонаттарының көшін бастайды. Бір атап айтарлығы, мұндағы заманалар куәгері болған сирек мұрағаттық құжаттар

әр кезең мен нақты тарихи жағдайлардың өзара тығыз байланысы негізінде қалыптасып келеді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына тарту ретінде ұсынылып отырған жинақ «Алаш – АЛЖИР» деп аталады. Оған мұрағаттық құжаттарды жүйелі зерделеген ғылыми-зерттеу және журналистік мақалалар, сондай-ақ, бұрынғы лагерь тұтқындары және олардың ұрпақтарымен болған кездесулер, көзі тірі куәгерлердің естеліктері мен фотоқұжаттар енгізілді.

Кітаптың – «Алаш» атты бірінші томы Қазақ елінің тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған. Мұнда тәуелсіздік жолында ерекше қажыр-қайрат танытқан ұлт қайраткерлерінің тағдырына қатысты жаңалықтар мен соны деректер, сондай-ақ егемендік шежіресіне байланысты кейінгі жылдары көпшілік назарына іліккен ғылыми тұжырымдар мен танымдық мақалалар енгізілді.

Бұдан кейінгі бөлімдерде XX ғасырдың 1930-1950 жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргін және күштеп жер аударту тақырыбы бойынша, қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры, олармен бірге тауқымет тартқан ұрпақтар тағдыры туралы мақалалар қамтылған.

Олардың авторлары – қуғын-сүргін құрбандарының мұрағаттық құжаттары, хаттары, естеліктері мен жеке күнделік беттерін ұқыпты зерделей білген танымал ғалымдар, тарихшылар, жазушылар, журналистер мен мұражайтанушылар. Жаппай саяси қуғын-сүргін және күштеп жер аудартудың себептері мен салдарын зерттеушілер бұрын құпия ұсталған құжаттарға қол жеткізгеннен кейін, жүйкесі мықты деген адамдардың өздеріне айтарлықтай әсер ететін «жаңалықтар» аша бастады. Халықты аяусыз қырып-жоюдың нағыз жауыздық үлгісі «жарқын болашақ» құру жолындағы «ең гуманистік елде» орын алғанына сену қиынның қиыны. Оның үстіне жекелеген елде социализм орнатудағы осы бір «ізгі мақсаттар» ұзақ тарихи кезең бойына КСРО азаматтарына таңылып келді.

Сонымен қатар «Алаш – АЛЖИР» атты жаңа жинақтың 2-ші томы мұражайдың 5 жылдық мерейтойына орайластырылған. ГУЛАГ жүйесіндегі «АЛЖИР» еңбекпен түзету лагері тек әйелдерді ғана қамауға арналған орын болды.

Шын мәнінде, өткен ғасырдың 30-50 жылдары Кеңес одағында бүкіл бір ұрпақ сенімсіздік пен күдіктің қамытын киді. Жаппай ұжымдастыру, жаппай қуғын-сүргін мен жаппай жер аударту жылдарының нәубетінен зардап шекпеген отбасы кемде-кем болатын. Адамды жазықсыздан жазықсыз кінәлі ету еш қиындық тудырмағандықтан, бұдан қашып құтылу мүмкін де емес еді. Осындай азапты жағдайда көптеген кеңестік отбасылардың тағдыры талқыға түсті: тұтқындау, ату жазасы, ең жеңіл болғанда – лагерь темір торының ар жағында 5, 8, 10, 17 жыл қапаста болу күтіп тұрды. Жаза өтеу тәртібі «қоңыраудан – қоңырауға дейін» ұстанымын қатаң бекітті. Бұл туралы авторлар мұрағаттық куәліктер, естеліктер,

хаттар, қуғын-сүргін құрбандары, олардың балалары мен немерелерімен кездесулерге сүйене отырып жазады.

Кейбір елдерді айтпағанда (мысалға, Дағыстанды) бүкіл бір халықтың жаппай жер аударылуы сол «ұлы сталиндік қоныс аударуға» ғана тән масқара еді. КСРО халықтарының Қазақстанға жер аударылуының тарихын зерттеушілердің еңбектері де жаңа кітаптың тиісті тарауына енгізілді, мұның өзі оқырман қауымның танымдық қызығушылығын қанағаттандырады деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні республикада түрлі ұлттар мен этностар өкілдері тату-тәтті тұрып жатқаны белгілі. Олар тағдырдың жазуымен біздің елімізге келді және олардың мәдениеті мен тілін, дәстүрін дамытуға республикада жан-жақты жағдай туғызылып отыр. Сол сияқты өткен күннің ащы сабағын еске ала отырып, демократия және жариялылық жағдайында толеранттылық пен өзгенің пікірін сыйлау қағидаты берік ұсталуда. Басымыздан өткен ортақ тарих куә болған ақылдың алжасуының, тұлғаны жәбірлеу мен қорлаудың сұмдық дәлелдері енді өткен күннің еншісінде қалды. Шын мәнінде әр адамның Жерде және жалпы тіршілікте өз мүддесі бар: жасампаз еңбек ету, өзінен кейін ізгі істер мен адал атын қалдыру, бейбіт өмір кешу.

Қазіргі күні өткен ғасырдың 30-50 жылдардағы ауыр зұлмат кезеңі туралы шыққан кітаптар, жинақтар, түсірілген фильмдер де аз емес. Сонымен бірге аталмыш трагедияның ауқымы да үлкен, ол өз кезегінде қомақты ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді қажет етеді. Оның үстіне қуғын-сүргін құрбанына қоғам қайраткерлері мен танымал өнер иелері ғана емес, олардың туған-туыстары да ұшырады. Бүгін көзі тірі ұрпақтары өздерінің туыстары туралы мәліметті тірнектеп жинап, көздің қарашығындай сақтауға тырысады. Естен шығару, тыйым салу, шындықты айта алмайтын кезеңнің тым ұзаққа созылғаны да рас. Шындығында сол бір зұлмат жылдарында Адам тұлға ретінде қатты жәбір көрді, қорланды. Шындық шексіз билігі барлардың жағында еді. «Алмастыруға болмайтын адам жоқ» деген қатаң сталиндік ұстаным партияның дарынды жетекшілерін, әскери кадрларды, жазушылар, ғалымдар, әртістер, ауқатты шаруалар мен басқа да әлеуметтік топ өкілдерін жазықсыз қырғынға ұшыратты. Сан миллиондаған кінәсіз ұрпақ, олардың балалары мен туыстары жапа шекті.

Егер Ұлы Отан соғысы басталмаса, жаппай саяси террор шексіз жалғаса берер ме еді, кім білсін. Тірі қалған әскери кадрлар тұтқындау орындарынан бірден майданға аттандырылды. Жоғары генералитетті іс жүзінде жойып жіберу және басқа да факторлар кеңес әскерілерінің қорғаныс және шабуыл шайқастары кезінде сансыз адам өліміне апарып соқтырды.

Соғыс аяқталғаннан кейін де, жеңіс пен даңққа қанаттанған «барлық халықтардың көсемі» бүкіл өмірінің ісіне: орны толмас қазаға ұшыраған, бірақ жауға соққы бере алған өз халқымен күреске қайта оралады. 1953 жылғы 5

наурыздағы Сталиннің өлімі ғана сұрқайы сталиндік кезеңнің ажырамас бөлігі – өсек пен жалаға негізделген бұқаралық алжасу мен шетсіз шексіз былықтың жолын кесті.

Адам өмірі тәлкекке айналды. КСРО-ның ірі орталықтарында ғана емес, шеткі аймақтарында да қуғын-сүргін сипатындағы шаралар жоғарыдан түсірілген жоспарға тәуелді болды. Мысалға, Қазақстанның КП ОК жетекшісі Левон Мирзоян Қазақстандағы қуғын-сүргін бойынша орталықтан жіберілген жоспардың баяу орындалып жатқаны үшін жауапқа тартылды. Партияның ОК жоғарыдан түскен нұсқауды оның өз құзырына ала алмағаны белгілі. Ал, бұл «олқылықтың» жедел түрде жаңа жазалау шаралары есебінен толығы бастағанын жаңа жинақтағы бірқатар мақалалар куәландырады.

КОКП-ның XX съезінен кейін саяси «жылымық» туды. Қуғын-сүргін құрбандары, әсіресе сол бір 58-ші бап бойынша істерді қайта қарау туралы шағымдар жоғары органдарға ағылды. Ақталғандардың ішінде баяғыда-ақ атылып кеткендердің адал есімдері қайтарылғанымен, осы күнге дейін көзі тірі Ерекше бөлімдегі «үштікпен» белгіленген мерзімді толық өтегендер де бар. Өлім жазасына кескен жекелеген құжаттар ондаған, тіпті жүздеген фамилияларды қамтыған. Оған куә – өткен ғасырдың аяғында ғана белгілі болған Алматы маңындағы, Қырғызстандағы «Чон-Ташта» және басқа да жерлердегі жаппай жасырын жерлеу оқиғалары.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары Қазақстанның тарихтың қатал сабақтарына сталиндік зұлмат жылдарында жапа шеккен жазықсыз адамдарды еске алу арқылы ерекше көңіл бөлетініне ризашылықпен қарайды.

Бүгінде олардың көпшілігінің Астанаға келіп, өздері мерзімін өтеген немесе қазақ жерінде мәңгілікке қалған туғандары отырған Тарихи зерде орындарына бас иіп, тағзым етуге мүмкіндіктері бар. Олардың Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерлерінде болған ата-аналарының тірі қалуына қазақ халқының кеңпейіл жомарттығы көп көмектесті. Қасіретті кезең мен зардабы мол террордың құрбандарын есте қалдыру үшін лагерлердің орындарында мемориалдық кешендер мен ескерткіштер тұрғызылды. Ұлттық салт-дәстүрлер негізінде тәрбиеленетін қазақтар өз елінің тарихын, өз ата тегін, жаппай саяси қуғын-сүргін кезеңінде жазықсыз жапа шеккендерді мәңгі жадынан шығармай, ол естеліктерді аса құрметтейді. «АЛЖИР» мемориалды – мұражай кешені осы сөзіміздің бұлтартпас дәлелі.

«АЛЖИР» мұражайы сұрапыл кезеңнің лагерь тұтқындары мен олардың ұрпақтарының тағдырлары туралы кітаптар мен бейнефильмдерде көрініс тапқан оқиғаларының жылнамасын жүргізеді. Мемориалды кешен ұлан-байтақ қазақ жерінде бір шаңырақ астына талай адам тағдырларын жинаған Сарыарқа төсінде орын тепті. Мұражайға қазақстандықтар ғана емес, астанаға

келген көптеген шетелдік қонақтар ат басын тірейді. Осындағы тілектер кітабында республикамыздың мемлекет басшысына, барлық қазақстандықтарға құрбандардың рухын мәңгі есте сақтағаны үшін жүрекжарды алғыс сөздері жазылған. Ақмол ауылында орналасқан «АЛЖИР» мұражайында Қазақстанға ресми іс-сапармен келген бірқатар мемлекеттердің басшылары, өкілдіктердің қызметкерлері, есімдері әлемге танымал тұлғалар болып қайтты.

Кітапты басып шығарушылар жаңа басылымға материалдарын ұсынған авторларға үлкен ризашылығын білдіреді.

«АЛЖИР» мемориалды кешен ұжымының бірінші белестегі қызметін қамтыған және мұражай қорының материалдары бойынша жинақталып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген «Алаш – АЛЖИР» кітабы талғамы биік әр оқырманның жүрегіне жол табады деген үміттеміз.

*Болат Жунисбеков,
директор Музейно-мемориального
комплекса «АЛЖИР»*

ПАМЯТЬ СУВЕРЕННОЙ СТРАНЫ

Изучение истории массовых политических репрессий 1930-1950 годов вышло на новый уровень после выхода в 1996 году Указа Президента «Об объявлении 1997 года – Годом Общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий». Ежегодно стало отмечаться 31 мая – как День памяти жертв политических репрессий.

В год 10-летия Дня памяти жертв политических репрессий и 70-летия начала массовых политических репрессий – 31 мая 2007 года состоялась церемония открытия Музейно-мемориального комплекса жертв политических репрессий и тоталитаризма «АЛЖИР», созданного по инициативе Главы государства Н.А.Назарбаева.

Свой первый пятилетний юбилей коллектив музея и его многочисленные друзья встречают в обновленном, в материальном и содержательном плане, облике. При поддержке акимата г.Астаны проведен капитальный ремонт, солидно пополнился фонд, более притягательными стали экспозиции. В сотрудничестве с научной общественностью начаты серьезные исследования материалов музея.

Обретение страной независимости – главное событие в новейшей истории суверенной республики. Свобода и права личности – непреходящие ценности современного общества. Путь к независимости государства был долог и тернист. Ряд экспозиций музея знакомит с выдающимися государственными и обще-

ственными деятелями Казахстана, отдавшими жизнь за свободу и независимость казахского народа. В благодарной памяти народа – имена Кенесары Касымова, Махамбета Утемисова, деятелей Алашорды и многих других известных борцов за свободу и независимость, достойное место казахов в мировом сообществе. Историческая память музея строится на взаимосвязи времен и событий, основанных на редких архивных документах, свидетельствах о сложном историческом периоде, которые пополняются по сей день.

«Алаш – АЛЖИР» – издание новой книги приурочено к 20-летию Независимости Республики Казахстан.

В сборник, подготовленный к изданию коллективом Музейно-мемориального комплекса жертв политических репрессий и тоталитаризма «АЛЖИР» и его авторским коллективом, включены научно-исследовательские, журналистские статьи, написанные на основе системного изучения архивных материалов и в результате встреч с бывшими узниками и их потомками, также воспоминания живых свидетелей лихолетья.

Книгу предваряет первый том «Алаш», посвященный юбилейной дате страны. В него вошли исследовательские материалы из истории казахской государственности, о суверенном Казахстане. Другие его главы содержат публикации по теме массовых политических репрессий и насильственной депортации 1930-1950 годов XX века; статьи о репрессированных, их детях, в равной мере разделивших в большинстве своем печальную участь своих родителей.

Авторы – известные ученые, историки, писатели, журналисты, музееведы, бережно использовавшие архивные материалы, письма, воспоминания, страницы из личных дневников репрессированных. Исследователи причин и последствий массовых политических репрессий и насильственной депортации, получив доступ к засекреченным прежде документам, делают сенсационные открытия, которые могут повергнуть в шок даже человека со стальными нервами. Трудно поверить в то, что изощренное истребление собственного народа могло иметь место в самом «гуманном» строе на пути «к светлому будущему». Ведь на протяжении длительного исторического периода эти якобы «благие цели», для построения социализма в отдельно взятой стране, навязывались гражданам СССР.

Второй том нового сборника «Алаш – АЛЖИР» приурочен к 5-летию юбилею музея. Исправительно-трудовой лагерь «АЛЖИР» в системе ГУЛАГа был своего рода единственным местом заключения исключительно для женщин.

В 30-50 годы прошлого столетия в Советском Союзе целое поколение оказалось под колпаком недоверия и подозрения. Человек попал в разрушающийся мир: годы массовой коллективизации, массовых репрессий и массовой депортации. Без вины виноватым могли сделать каждого, никто не был застрахован. В этом случае социальный статус граждан нивелировался до предела. Судьбы многих советских семей ждала роковая участь: арест, расстрел, в лучшем слу-

чае – лагерь за колючей проволокой со сроками 5, 8, 10, 17 лет. При этом сроки отбывания заключения строго придерживались, от звонка до звонка. Об этом пишут авторы, делая ссылку на архивные свидетельства, воспоминания, письма, личные встречи с репрессированными, их детьми и внуками.

Массовые депортации целых народов, за редким исключением – к примеру, Дагестан – стали характерными событиями того «великого сталинского переселения». История депортации народов СССР в Казахстан изучена историками, исследовательские материалы которых включены в соответствующие главы новой книги и, несомненно, вызовут интерес у читателей. Как известно, в республике живут представители разных этносов. Многие их родственники волею судьбы оказались в нашей стране. Сегодня в суверенном государстве создаются все условия для развития культуры, языка, традиций народов Казахстана.

Вместе с тем, в условиях демократии и гласности, с учетом горьких уроков недавнего прошлого, толерантность и уважение к иному мнению не должны терять своей актуальности. Унизительные процедуры глумления над личностью, о чем свидетельствует недавняя наша общая история, остались в прошлом. Ведь у каждого человека свое предназначение в жизни на Земле: жить в мире, занимаясь созидательным трудом, оставляя после себя добрые дела и честное имя.

В настоящее время издано немало книг, сборников, сняты фильмы о времени большого террора 30-50 годов прошлого века. В то же время масштабы трагедии настолько велики, что предстоит колоссальная научно-исследовательская работа. За каждым именем репрессированного – трагическая судьба, ставшая поворотной не только для одного отдельно взятого человека, но и его самого близкого окружения. И сегодня оставшиеся в живых потомки по крупицам собирают сохранившиеся сведения о своих родственниках. Уж слишком долго тянулось время забвения, табу, замалчивания. Человек как личность был унижен и оскорблен. Был прав тот, у кого имелась неограниченная власть. «Нет незаменимых» – жесткий сталинский постулат. Уничтожались высшие партийные руководители, кадровые военные, писатели, ученые, артисты, зажиточные крестьяне и представители других социальных слоев. Страдали миллионы ни в чем не повинных людей рокового поколения, их дети и родственники.

В голове здравомыслящего человека не укладывается «регулярность» массового политического террора, которому не было конца, если б не Великая Отечественная война, во время которой оставшиеся в живых кадровые военные прямо из мест заключения направлялись на фронт. Высший командный состав подвергся жесточайшим репрессиям в канун самой разрушительной войны XX столетия. Расстрел высшего генералитета привел, в числе других факторов, к огромным людским потерям во время оборонительных и наступательных боев советских войск.

Но и после окончания войны «вождь всех народов», окрыленный победой и славой, возвращается к делу всей жизни: борьбе со своим народом, сдержавшим мощный натиск врага ценою невосполнимых потерь. И только смерть Сталина 5 марта 1953 года остановила массовый психоз, изощренный беспредел, основанные на доносах и наветах – характерных составляющих моветона мрачной сталинской эпохи.

Жизнь человека ровным счетом не стоила ничего, она зависела от спускаемых сверху планов на мероприятия репрессивного характера, как в крупных центрах СССР, так и в отдаленных окраинах. К примеру, руководителя ЦК КП Казахстана Левона Мирзояна призвали к ответу за то, что направленный из центра план по репрессиям в Казахстане выполнялся слабо. Естественно, ЦК партии не мог не «взять под козырек» актуальную директиву сверху. И этот пробел в экстренном порядке начинает восполняться за счет новых карательных мер, о чем свидетельствует ряд публикаций в новом сборнике.

После XX съезда КПСС началась политическая «оттепель». Потянулся в вышестоящие инстанции поток обращений по пересмотру дел репрессированных, в большей мере по печально известной 58-й статье. Среди реабилитированных – возвращенные честные имена давно уже расстрелянных, есть и дожившие до этого памятного дня, отсидевшие сроки, установленные «тройками» Особого совещания. Заметим, отдельные расстрельные документы насчитывали несколько десятков, порой – не одну сотню фамилий. Тому свидетельства – массовые захоронения близ Алматы, «Чон-Таш» в Кыргызстане и другие, о которых стало известно лишь в конце прошлого столетия.

Потомки жертв политических репрессий признательны за то человеческое внимание, которое уделяет Казахстан урокам истории, памяти невинных людей, пострадавших в годы сталинского лихолетья.

Сегодня многие из них имеют уникальную возможность приехать в Астану и поклониться памятным местам, где отбывали срок или навечно остались в казахской земле самые близкие люди, давшие им жизнь. Благородство казахского народа помогло выжить их родителям, прошедшим исправительно-трудовые лагеря в Казахстане. Для сохранения памяти о трагическом времени и жертвах большого террора на местах лагерей воздвигнуты мемориальные комплексы и памятники. Воспитанные на народных традициях и обычаях, казахи помнят и чтят историю своей страны, своей родословной, хранят память о невинно пострадавших в период массовых политических репрессий. Музейно-мемориальный комплекс «АЛЖИР» – тому зримое свидетельство.

Музей «АЛЖИР» ведет летопись сурового Времени, мгновения которого запечатлены в книгах, видеофильмах о судьбах узниц лагеря и их потомках. Мемориальный комплекс расположен в центре священной Сарыарки, под мирным голубым куполом Казахстана, который собрал судьбы людские в единый шаны-

рак на необъятной земле казахской. Музей посещают не только казахстанцы, но и многие зарубежные гости столицы. Книга отзывов музея содержит искренние слова благодарности Главе государства, всем казахстанцам за память сердца. Только за последнее время в музее «АЛЖИР», расположенном в селе Акмол вблизи Астаны, побывали руководители ряда зарубежных стран в ходе их официального визита в Казахстан; сотрудники посольств, частные лица.

Издатели выражают признательность всем авторам, любезно предоставившим материалы для включения в новое издание. Надеемся, книга «Алаш – АЛЖИР», изданная по материалам музейного фонда и обозначившая первый этап становления коллектива музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР» – на казахском, русском и английском языках, найдет свой путь к сердцу искушенного читателя.

*Bolat Zhunisbekov,
director of the museum-
memorial complex «ALZHIR»,
winner of the union of
journalists of Kazakhstan*

MEMORY OF THE SOVEREIGN COUNTRY

Studying the history of mass political repressions in 1930-1950 reached a new level after the 1996 Presidential Decree «On Declaring 1997 - the Year of national consensus and memory.» Each year on May 31 - Memorial Day of victims of political repression is celebrated.

On the 10th anniversary of Day of Remembrance of Victims of Political Repression and the 70th anniversary of the massive political repression - May 31, 2007 opening ceremony of the museum and memorial for victims of political repression and totalitarianism, «ALZHIR», initiated by President N. Nazarbayev took place.

On the first five-year anniversary of the museum, its staff and many friends met up in a museum renewed both in terms of content and appearance. With the support of Astana akimat we were able to carry out renovations, enlarge the material fund and generally make the museum more attractive. In collaboration with the scientific community serious studies of museum materials were started.

Obtaining independence is the main event in the modern history of sovereign republics. Freedom and individual rights are the utmost values of modern society. The road to independence was long and thorny. A number of exhibits of the museum present the outstanding state and public figures of Kazakhstan, who gave their lives

for freedom and independence of the Kazakh people. In grateful memory of the people are the names of Kenesary Kasimov, Makhambet Utemisov, Alashorda figures and many other famous fighters for freedom and independence, Kazakhs' rightful place in the world community. The historical memory of the museum is built on relationships and times of events based on rare archival documents, evidence of a complex historical period, which are still being replenished even today.

«Alash – ALZHIR» – the publication of a new book is dedicated to the 20th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan.

The book, prepared for publication by the «ALZHIR» museum team to honor the victims of political repression and totalitarianism, included various researches, journalistic articles written after systematic studies of archival materials, and as a result of meetings with the former prisoners and their descendants, as memories of living witnesses of those hard times.

Book is preceded by the first volume of «Alash», dedicated to the anniversary of the country. It includes research materials from the history of the Kazakh state, the sovereign Kazakhstan. Its other publications include chapters on mass political repressions and the forced deportation in years 1930-1950 of the twentieth century, the articles about the repressed and their children, equally sharing the sad fate of their parents.

The authors, well-known scholars, historians, writers, journalists, museum experts, carefully used the archival materials, letters, memoirs, and pages from the personal diaries of the repressed. Researchers of the causes and consequences of the mass political repressions and deportations, having acquired access to the classified documents, make sensational discoveries, which could shock even a man with nerves made of steel. It is hard to believe that the subtle destruction of own nation could have taken place in the «humane» system on a way «to a brighter future.» Throughout the long historical period, these supposedly «good intentions» to build socialism in one country, were imposed on citizens of the USSR.

The second volume of the new book «Alash – ALZHIR,» is dated to the 5th anniversary of the museum. Labor camp, «ALZHIR» in the Gulag system was a containment place for women only.

In the 30-50's of the last century in the Soviet Union a whole generation was under mistrust and suspicion. The world was collapsing around common people: years of mass collectivization, mass repression and mass deportations. Anyone could be made Guilty Without Guilt, no one was immune. In this case, the social status of people leveled up to the limit. The fate of many Soviet families was fatal: arrested and shot, or at best – contained in a camp surrounded by barbed wire for 5, 8, 10, 17 years. At that time the period of sentence was strictly observed from the beginning till end. This is what the authors write about, making reference to the archival evidence, memoirs, letters, personal meetings with the repressed, their children and grandchildren.

Mass deportations of entire nations, with few exceptions - for example, Dagestan - are characteristics of the events of the «Great Stalin's relocation.» History of the Soviet peoples deported to Kazakhstan studied by historians, research materials are included in the relevant chapters of the new book and, undoubtedly, will be interesting for the readers. It is a known fact that the country is inhabited by representatives of different ethnic groups. Many of their relatives, as fate would have it, live in this country. Today, the sovereign state created all conditions for the development of culture, language and traditions of the peoples of Kazakhstan.

However, in a democratic and transparent society that takes into account the bitter lessons of the recent past, tolerance and respect for other opinion must not lose their relevance. Humiliating procedures of mockery, as evidenced by our common history, are in the past. Each person has his own purpose in life on this Earth: live in peace, engage in creative work, leave behind good deeds and good name.

Currently there are numerous books and anthologies published, a film was made about the time of the Great Terror of 30-50's of the last century. At the same time the scale of the tragedy is so great that it presents a tremendous research work. Behind each name that was repressed there is a tragic fate, which became a turning point not just for one single person, but his closest circle too. Today, the survived descendants collect information about their relatives literally by bits. The time of oblivion, taboo and silence had dragged for too long. A human being was humiliated and insulted. Rights belonged to those who had unlimited power. «Nobody is irreplaceable» – was Stalin's favourite saying. Destroyed were top party leaders, professional soldiers, writers, scientists, artists, rich peasants and representatives of other social layers. Millions of innocent generations, their children and relatives suffered.

A thinking person will not accept the «regularity» of the mass political terror, which would have probably not ended, had it not been for World War II, during which the imprisoned military personnel were directly sent from the prison to the forefront. Supreme command had been exposed to the most cruel repression before the most destructive war of the twentieth century. The shooting of top commanders, among other factors, resulted in huge human losses during the offensive and defensive battle of Soviet troops.

But after the war was over, «the leader of all peoples», inspired by the victory and glory, returns to his deeds: the fight with own people, that restrained a powerful attack of the enemy at the expense of irreplaceable losses. Only Stalin's death March 5, 1953 stopped the mass hysteria, chaos, based on denunciations and slander - typical components of gloomy Stalinist era.

Human life is absolutely not worth anything, it depended on the plans on repressions descending from the top, both in the major centers of the USSR, and in the suburbs. For example, the head of the Communist Party of Kazakhstan Levon Mirzoyan was called to be punished because the plan directed from the center was carried out

poorly in Kazakhstan. Naturally, the Central Committee could not ignore the actual directive from above. And this gap in a matter of urgency began to be filled in by new punitive measures, as evidenced by a number of publications in the new collection.

After the Twentieth Party of the Congress political «thaw» was started. The higher authority was flooded with requests to review cases of repressed, mostly convicted by the infamous Article 58. Among the rehabilitated - returned were honest names of individuals shot long time ago, and those survived till that fateful day, imprisoned for the terms established by the Special Meeting «troikas». It must be noted that separate shootings documents numbered several dozen, sometimes more than one hundred names. The evidence of that are the mass graves near Almaty, «Chon-Tash» in Kyrgyzstan and others which became known only at the end of the last century.

Descendants of victims of political repression are grateful for the attention given by Kazakhstan to the lessons of history, memory of the innocent people who suffered in the Stalinist hard times.

Today, many of them have a unique opportunity to come to Astana and other memorable places to worship, where served time or forever remained in the Kazakh land their closest people. The nobility of the Kazakh people helped their parents to survive, after labor camps in Kazakhstan. To preserve the memory of a tragic time and the victims of the Great Terror memorials and monuments were erected in the field camps. Brought up in the folk traditions and customs, the Kazakhs will remember and honor the history of their country, their ancestry, the memory of the innocent victims during mass political repressions. Museum and memorial complex «ALZHIR» is the most visible evidence to that.

Museum «ALZHIR» keeps a record of the most severe period of time, moments of which are embodied in books, videos about the fate of female prisoners of the camp and their descendants. The memorial complex is located in the heart of the sacred Saryarka, peacefully under a blue dome of Kazakhstan, which has collected various human fates under the vast shanyrak of Kazakh land. Not only Kazakhs but also many foreign visitors of capital visit the museum. Museum guestbook contains sincere gratitude to the President, to all citizens of Kazakhstan to the memory of the heart. Recently Museum «ALZHIR», located in Akmol village near Astana, was visited by the heads of several foreign countries during their official visit to Kazakhstan, employees of foreign embassies and private individuals.

Publishers would like to thank all the authors who kindly contributed materials to be included in this new edition. We hope that the book «Alash – ALZHIR» based on the materials of the Museum fund, and that will mark the first collaborative efforts of the ALZHIR Museum staff, in Kazakh, Russian and English languages will find its way to the heart of a sophisticated reader.

ТАҒЗЫМ

*Арайлым Мұсағалиева,
Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ-нің доценті, тарих
ғылымдарының докторы*

«ОТАНЫН САТҚАНДАР» ӘЙЕЛДЕРІНІҢ АҚМОЛА ЛАГЕРІ

Кеңестік жүйе орнай салысымен, саяси қудалау басталды. Большевиктер өз саясатында адамдарды бағындыруды басты орынға қойды. Коммунистер XX ғасырда адамдардың құқықтарын таптауға, қорлауға бағытталған қаныпезерлік саясат қолданды. Олар барлық саясатын өз азаматтарына қарсы жұмсады. Бұны кеңестіктердің билікке келген алғашқы күндерінде қабылданған заңдық актілерінен көруге болады. 1917 жылғы 19 желтоқсандағы «Революциялық трибунал туралы» нұсқауда алғаш рет «халық жауы» деген термин қолданылды. Бұл большевиктер төңкерісіне қарсы адамдарды, яғни еркін ойлы қоғамға адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарайтын тұлғаларды өзіндік айыптаудың пайда болуының бастамасы еді.

Кеңес заңдары бір күнде пайда болған жоқ. «Революциялық трибунал» туралы нұсқаудан соң, 1918 жылғы 5 қыркүйекте «Қызыл террор туралы» ХКК-нің қаулысы жарық көрді. Онда «концентрациялық лагерьлер» және «ату жазасы» туралы айтылды. Ал 1922 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің негізгі бөлімінде «мемлекеттік қылмысқа» ерекше мән берілуі мемлекеттің азаматтарға деген күдігінің ұлғайғанын көрсетеді. 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық Кодексі мемлекеттік қылмыс тарауына контрреволюциялық қылмыстар туралы арнайы баптарды енгізді. Мәселен, 58 бапты алайық. Онда былай делінеді: «контрреволюциялық мақсатта қарулы көтерілістер немесе кеңес аумағына қарулы жасақпен немесе бандылармен басып кіруді ұйымдастыру, сонымен бірге осы мақсатта орталықтағы және жергілікті жерлердегі өкіметті басып алу әрекеттері немесе РСФСР-ден, оның қандай да болмасын территориясын күштеп тартып алу немесе онымен келісілген келісімшарттарды бұзу – ату жазасына және барлық мүлкін тәркілеуге алып барады, жұмсартылған жағдайда, барлық мүлкін тәркілеп бес жылдан төмен емес мерзімде қатал оқшаулап, бас еркіндігінен айыруға дейін төмендетіледі». Міне, осы бап Кеңес өкіметінің Қылмыстық кодексінің басты бабына айналып, көптеген адамдардың тағдырына

қатысты шешуші рөл атқарды. Бап кеңестік жүйенің мәні мен мағынасын толық ашып берді. Осыдан кейін әртүрлі жылдарда Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізілді. Бірақ басты бағыт Кеңес өкіметіне қарсы жауларды анықтап, жазалау болып қала берді.

Кеңес өкіметінің бүкіл тарихы жауларды іздеу, табу, құрту, жою мақсатына арналды. Әрбір азаматтан жау іздеді.

1930 жылы мамырда КСРО Халық комиссарлар кеңесінің «Қазақ еңбекпен түзеу лагерін құру туралы (Қазатлаг)» қаулысы қабылданды. 1931 жылғы 15 қыркүйектегі Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (БМСБ) бұйрығына сай БМСБ Қазақстан еңбекпен түзеу лагері «Гигант» совхозы құрамына кірмейтін барлық бөлімшелерімен жойылды. «Гигант» совхозы тікелей БМСБ Лагерлер Бас Басқармасына бағынатын жеке өз алдына Қарағанды еңбекпен түзеу лагері болып қайта құрылды. Қарағанды жеке еңбекпен түзеу лагері (Қарлаг) 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды, лагерьдің орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жерде «Долинка» селосында орналасты. Қарағанды еңбекпен түзеу лагері Лагерлер Бас Басқармасы құрамында болды, ол Қазақстанның кең аумағында өзіндік ведомство болып табылды. 1938 жылдың басында Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің құрылымында кіретін Ақмола арнайы бөлімшесі ашылды.

1930 жылдар мен 1950 жылдардың басындағы кеңестік күштеп еңбек ету жүйесінің қалыптасуы мен күшеюі жаппай террор саясатының, яғни сталиндік жүйенің құрылуы мен орнығуының маңызды қозғаушы күші болды. ГУЛАГ деп аталатын белгілі аббревиатураға ат берген Лагерлердің Бас Басқармасы 1930 жылы құрылған болатын, он жыл өткен соң өркендеген лагерлік-түрмелік жүйенің бір бөлімшесіне айналды. Бұған қарамастан, БМСБ-ПХК-ПМ лагерлерінің бас басқармасы бұл жүйенің символы болып қала берді, ал ГУЛАГ бюрократиялық сөз құрылымы кеңестік өмір шындығының үлкен қабатын қамтитын саяси, адамгершіліктік, ғылыми түсінікке айналды.

Біз өз мақаламызда осы баяндалған Лагерлер Бас Басқармасы жүйесінің бір бөлігі «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагеріне» тоқталмақпыз. Лагердің тарихына байланысты тарихи деректер өте көп. Жарияланып жатыр, ашылмаған тұстар да жетеді. Осы деректер тасқынынан мәселені ашу үшін үш деректер көзін таңдап алдық.

1. Заңдық актілер
2. Мұрағат мәліметтері
3. Естеліктер, мемуарлар

Кеңес өкіметі орнай салысымен заңдар көптеп шыға бастады. Большевиктер өз саясатын заңдастырып отыруды міндет етіп қойды.

Заңсыз репрессиялардың серігі – мемлекеттің, оның органдарының және лауазымды тұлғаларының адамдардың қарапайым құқықтарын жаппай бұзуы. 20-50 жылдардағы кеңес тарихы осыны айқындайды. Репрессивті саясатты жүзеге

асыру барысында адамдардың құқықтарын бұзу жаппай сипат алды, олар кеңес заңдық нормалары, нұсқаулары көптеген институттарымен бекітілді, бұл оларға құқықтық дәйектемелік пен заңдасу түрін берді.

Заңдар кез келген қоғамның тарихы бойынша маңызды құжаттарға жатады, өйткені мемлекеттің құқықтық негізін құрайды: ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың барлық күнделікті жұмысын бағыттайды және реттейді, азаматтар мен ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілі бір құқықтық нормаға әкеледі. Заңдық актілер тарихи деректердің бір түрі болып табылады, олар мемлекеттің құқықтық нормалары мен бағытын анықтап көрсетеді. Ішкі және сыртқы саясатты зерттеу үшін ең негізгі деректердің көзі ретінде бола алады. Заңдардың шығу тегін, мәтінін, мазмұнын тексеру бізге мемлекеттік машинаның қандай шаралар жүргізгені туралы толық мәлімет бере алады. Тарихи дерек болғандықтан, заңдық актілер тарихи оқиғалардың жемісі екені даусыз. Кеңес өкіметі орнауының бастапқы кезінде «жаулап алу» деген сөз тұрғандықтан, оның заңдары осы мақсатты орындаумен айналысты.

Заңдық актілер құқықтық құжат және тарихи дерек ретінде қатал объективті талдауды қажет етеді. Тарихшыға құқықтық күшін жоғалтқан және сақтаған актілермен жұмыс істеуге тура келеді.

Бұл заңдарды кеңестік тарихнамада тек қана «демократиялық ұстанымдарға» негізделді деп көрсетті. Басты көрсетілген декреттер, қаулылар, Конституциялар еді. Ал кеңестік тарихнамада төңкерістік трибуналдық, қылмыстық кодекстер баптары талданбады. Себебі олардан мемлекеттің ішкі саясаты анық көрініп тұрды. Өкінішке орай, отандық тарихнамада кеңестік заңдық актілер тарихи дерек ретінде аз зерттелген.

«Отанын сатқандар» отбасылары мүшелерін қудалау туралы алғаш рет 1934 жылғы 8 маусымдағы КСРО Орталық атқару комитеті қаулысында айтылды. Онда қашып кеткен әскери қызметшілердің барлық мүлкі тәркіленіп, отбасы мүшелері 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады деп көрсетілді. Алайда, репрессияға ұшыраған отбасылар мүшелеріне қарсы бағытталған шара бірінші рет емес еді.

Бұл туралы 1930 жылғы 2 ақпандағы БМСБ №44/21 бұйрығы ашып көрсетеді. Онда олардың отбасылары туралы былай көрсетіледі: сотталғандар, концлагерлерге қамалған немесе жоғары айыптау шарасына (ату) тартылған отбасылар Одақтың солтүстік аудандарына жаппай жер аударылған кулактармен және олардың отбасыларымен, отбасындағы еңбекке қабілеттілердің барлығы және осы отбасы мүшелерінің әлеуметтік қауіпсіздігі дәрежесін ескере отырып, жер аударылуы қажет. Бұндай отбасылардың мүлкі жер аударылған кулактар отбасылары сияқты тәртіппен тәркіленді. Кулактар мен оның отбасыларын жер аудару компаниясы бірінші кезекте КСРО-ның келесі аудандарында жүргізілді: УКСП,

Солтүстік Кавказ және Дағыстан, Орталық Волгалық өлке, Төменгі Волгалық өлке, Белоруссия, Сібір, Орал, Қазақстан.

Шын мәнінде, әйелдер мен балалардың ұсталуына 1937 жылғы 15 тамыздағы № 00486 Ішкі істер халық комиссарының жедел бұйрығы [1, 83 б.] тікелей әсер етті. Бұйрықта «осы бұйрықты алғаннан соң 1936 жылдың 1 тамызынан бастап бірінші және екінші санат бойынша Әскери Алқа және әскери трибуналда айыпталған оңшыл – троцкистік тыңшылық-диверсиялық ұйымдар мүшелері, «Отанын сатқандар» әйелдерін репрессиялауға кірісіңдер» деп ашық айтылды. Бұл «халық жаулары» деп ұсталған азаматтардың әйелдері мен отбасы мүшелеріне үлкен шабуыл еді. Сонымен қатар бұйрықта жиналатын материалдар негізінде төмендегідей құжаттар құрастырылды:

а) отбасыға нақтыланған жалпы анықтама, онда: отбасы басшысының тегі, аты және әкесінің аты, қандай қылмыс, қашан, кім және қандай айыпқа тартылды; отбасы құрамының атаулы тізімі (сотталғанның қарауында тұрған және онымен бірге тұрған барлық адамдарды қоса), отбасының әр мүшесіне нақты мәлімет; сотталғанның әйеліне қаралаушы материалдар; 15 жастан жоғары балалардың әлеуметтік қауіптілік дәрежесіне қатысты мінездеме; отбасында өзінің физикалық жағдайына байланысты қарауды талап ететін ата – аналар мен қарттар барлығы туралы мәліметтер;

б) 15 жастан жоғары әлеуметтік қауіпті және антикеңестік әрекетке қабілетті балаларға жеке қысқаша анықтама;

в) 15 жасқа дейінгі мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың атаулы тізімі;

Анықтамаларды республикалардың ішкі істер халық комиссарлары мен өлкелер мен облыстар ІХК басқармалары басшылары қарастырып, шешім шығарды.

Жинақталатын құжаттардан көріп тұрғанымыздай, отбасы мүшелері толық тексерілген. Мәліметтер нақтылығы соншалықты, ешкім құтылуы мүмкін емес. №00486 бұйрықта ұстаудың жүргізілуі, істі қарау және жазалау шаралары, істі безендіру тәртібі, үкімнің орындалуын жүзеге асыру тәртібі, сотталғандардың балаларын орналастыру және т.б. Бұйрық «отанын сатқандардың» әйелдерін түрмелерге тоғытудың рычагына айналды.

Мұрағат құжаттарын қарау, бір-бірімен салыстыру біздерге лагерде болған адамдардың тағдырын анықтауға мүмкіндік береді. Құжат – адам қолымен берілетін ақпаратты тәсіл арқылы уақыт пен кеңістікке берілетін ақпаратты материалдық объект. Құжаттар арқылы нақты мәселелерді анықтауға болады.

«Отанын сатқандар» әйелдердің Ақмола лагері туралы үлкен деректер тобына Қарағанды облысы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп басқармасы құжаттарына сүйеніп

шығарылған «Узницы «Алжира» (Список женщин – заключенных Акмолинского и других отделений Карлага)» құжаттар жинақтарын алуға болады. Құжаттар жинағында аталған лагерь арқылы өткен 5380 әйел тізімі берілген. Оның 4546-сы «Отанын сатқандар» отбасылары мүшелері ретінде, қалғандары басқа саяси айыптау арқылы жүзеге асырылған.

Біз өз мақаламызда тізімдегі қазақ әйелдері туралы көрсетпекшіміз. Тарихшы А.Р. Кукушкинаның пікірінше, лагерде 93 (2%) қазақ әйелдері бар деп көрсетеді. Шын мәнінде, тізімде 87 қазақ әйел бар. Бұған себеп, кейбір мұсылман әйелдерін қазақ ұлтынан деп есептеп жіберген. Олардың барлығы КСРО ІХК Ерекше Кеңесінің шешімімен Отанын сатқандар отбасы мүшелері (ЧСИР) ретінде ұсталған. Басқа ұлттың өкілдері ішінде контрреволюциялық топтарға қатысқаны, антикеңестік үгіт-насихат жүргізгені, мемлекеттік құпияны жариялағаны, өндірісті бұзғаны, қаскүнемдік әрекеті үшін сияқты айыптаулар бар. Ал қазақ әйелдері тек қана «халық жаулары» әйелдері болғаны үшін жазаланған.

1934 жылы 5 қарашада КСРО Халық комиссарлар кеңесі және КСРО Орталық атқару комитеті Ішкі істер халық комиссариаты Ерекше Кеңесі туралы қаулы қабылдады. Онда КСРО Ішкі істер комиссариатына қоғамдық қауіпті деп мойындалатын тұлғаларға қолданатын төмендегідей құқық беріледі:

- а) ІХК бекіткен тізімдегі жерлерге жария қадағалауға 5 жылға дейін мерзімге жер аудару;
- б) КСРО өндіріс орталықтары мен ірі қалалары, астаналарында өмір сүруге тыйым салып, жария қадағалауға 5 жылға дейін мерзімге жер аудару;
- в) 5 жылға дейін мерзімге еңбекпен түзеу лагерлерге тұтқындап жіберу;
- г) қоғамдық қауіпті болып табылатын шетелдік бодандарды КСРО – дан жер аудару.

Міне, осы шараларды қолдану үшін КСРО ІХК төрағалығымен Ерекше Кеңес құрылады, құрамында:

- а) КСРО Ішкі істер Халық комиссариатының орынбасары;
- б) РСФСР бойынша КСРО Ішкі істер Халық комиссариаты өкілі;
- в) Жұмысшы-шаруа милициясы Бас басқармасы бастығы;
- г) Іс пайда болған аумақтағы одақтық республикалар Ішкі істер халық комиссары.

Көріп отырғанымыздай, Ерекше Кеңес мүшелері лауазымды адамдар болып табылады. Бұл Кеңес өкіметінің саясатын жоғарыдан күштеп енгізіп отырғанын көрсетеді. Ерекше Кеңес шешімінде әрбір жеке тұлғаның еңбекпен түзеу лагеріне тұтқындалуы және жер аударылуы туралы осы шараларды қолдану негізі көрсетуі, сонымен қатар аудан және жер аудару немесе лагерге қамау мерзімі анықталуы міндетті болып табылады.